



# БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ. 1-ТОМ

## АНТИКА ФИЛОСОФИЯСЫ

Аристотель. 1-бөлім



**Мақсаты** – Аристотель шығармашылығын, соның ішінде Академиядағы және Ликейдегі өз философиялық мектебінің негізін салған кезеңдерін, биологиядағы ғылыми ізденістерін қарастыру.

**Жоспары:**

1. Аристотель Академияда.
2. Аристотель – биолог.
3. Аристотель және оның Ликей мектебі.

**Түйін сөздер**

Платон Академиясы, логика, силлогизмдер, Органон, зоология, хайуанаттар тарихы, Аристотель Ликейі.

Аристотель Сократтың өлімінен соң араға он бес жыл салып, Халкидики түбегінің кішігірім Стагира мекенінде дүниеге келді. Ол Александр Македонскийдің атасы Аминтастың сарайлық дәрігері – Никомахтың ұлы еді. Әкесі қайтыс болғаннан кейін, 17 жасында Аристотель Афинаға көшіп, Платон Академиясына оқуға түседі. 20 жыл бойы Платонның шәкірті әрі әріптесі болды. Тарихтың басқа ешбір кезеңінде осындай зияткерлік қуат бір мекемеде топтасқан жоқ деп сеніммен айтуға болады.

Платонның кейінгі диалогтарының көбі осы кезеңде жазылды. Ал олардағы кейбір дәлелдерден Аристотельдің пікірталастардағы әдісін көруге болады. Платон идеялар теориясын өткір сынға алған «Парменид» диалогіне Аристотель есімді кейіпкерді енгізеді. Аристотельдің өз еңбектерінің де кейбірі осы кезеңге жатады. Алайда ертедегі шығармаларының көбі кейінгі ойшылдардың көшірмесі мен үзінділерінде сақталған. Аристотель өзінің еңбектерін ұстазы сияқты бастапқыда диалог түрінде жазды. Оның диалогтарының түрі мен құрамынан Платонның ықпалын көруімізге болады. Мысалы, Аристотельдің жоғалып кеткен «Евдем» диалогінде баяндаған жан туралы байламдары Платонның «Федонында» айтылатын ойларға жақын.

Аристотельдің жастық шағында жазылған платондық мәнердегі тағы бір еңбегі – «Протрептик» немесе философияға үгіттеу. Бұл еңбек те жоғалған. Алайда өте ертеде антик философтары кең ауқымда сілтеме жасағандықтан, кейбір ғалымдар оны тұтастай қалыпқа келтіре аламыз деп сенді. Аристотельдің айтуынша, бәрі де философиямен айналысуы керек. Себебі оның тәжірибесіне қарсы дәлелдер өз-өзінен философиямен шұғылданудың бір түрі саналады. Бірақ философияның ең керемет формасы Ғаламды түйсіну. «Өмірде жасауға тұрарлық бір нәрсе – бұл күн, ай, жұлдыздар және аспанды бақылау» деген Анаксагорға мың алғыс. «Дәл осы себептен Құдай бізді жаратты және тамаша ақыл-парасат берді». «Протрептик» жанның тәнмен одағы қандай да бір дәрежеде бұрынғы өмірде жасалған зұлымдық үшін жаза іспетті деген платондық көзқарастың жарқын көрінісін бейнелейді.

Аристотельдің логика мен риторикадан жазған «Топика» және «Софистикалық тойтарыс» еңбектері де осы кезеңге жатуы мүмкін. «Софистикалық тойтарыста» Аристотель логика сұрақтарын дамыта бастаған кезде осы салада ешбір еңбектер болмаған және ол логиканы нөлден ойлап тапқанын айтады. Оның логика саласы бойынша ең маңызды еңбектері – «Категория туралы», «Түсіндіру туралы» және «Алғашқы аналитика». Бұлар оның ілімін қарапайым түсініктер, пікірлер және силлогизмдерге топтастырады. Бұл еңбектер «Топика» және «Кейінгі аналитика» сынды жинақтармен бірге әйгілі «Органон» атауымен топтастырылған. Аристотельдің көптеген ізбасарлары логиканы кез келген пәнге пайдалануға болатын уағыздық өнер деп, жеке ғылыми пән ретінде есептемеген. «Органон» атауы да ойлау «құралы» деген мағына береді.

Аристотель өзінің Платонға әрқашан қарыздар екенін мойындады. Ұстазы қайтыс болған кезде, оны өлілердің ішіндегі – ең жақсысы және бақыттысы деп атады. «Аристотель Платонның философиялық ойларының көбін түрлендірді. Оның дәрістері Платон ілімінен бас тартудан гөрі оны өзгеше түсіндіруге көбірек ұқсайтын», – дейді Кенни. Екі философқа да ортақ болып келетін философиялық идеялар оларды бір-бірінен алшақтататын сұрақтардан маңыздырақ. Сол



сияқты XVII–XVIII ғасырлардағы эмпиризмді қолдаушылар мен рационалистер бір-біріне қарама-қарсы көзқарас ұстанса да, олардың өздерінен алдыңғы және кейінгі философтарға қарағанда өзара жақын, өзара ортақ нәрселері көп еді. Дегенмен Академияда болған кезінде Аристотель Платонның идеялар теориясынан алшақтай бастады. Кейде ол «Никомах этикасындағыдай» өте сыпайы болады. Жақын достарына ауыр тиетінін, қиын мәселені мойнына алғанын ескере тұра, Ізгілік идеясына қарсы біраз дәлел келтіреді. Өйткені философ ретіндегі оның парызы – ақиқатты достықтан жоғары қою. «Платон менің досым, бірақ ақиқат одан да қымбат» деген Аристотельдің әйгілі нақыл сөзі, міне, осыдан қалған. «Кейінгі Аналитикада» ол идеялардан «tarradiddle» (яғни жалған, бос сөз, болмашы) деп бас тартады. Өзінің «Метафизикасында» ол байыппен идеялар теориясы шешуге міндетті мәселелерді шешуге дәрменсіз деп айтады. «Бүкіл теория жаңа жаратылыстарды түсіндіру үшін қажетті жаратылыстардың санына тең; сонда ғана мәселені еселеп шешуге болатын сияқты», – дейді Аристотель.

Платон қайтыс болғаннан кейін Аристотель Афинадан кетіп, Түркияның солтүстік-батыс жағалауында орналасқан Ассосқа қоныс аударады. Қала академия түлегі Гермийдің басшылығында болды. Ол сол жерде жаңа философиялық институт құру үшін бір топ академияшыларды шақырған еді. Аристотель Гермиймен дос болды және оның жақын туысы Пифидаға үйленіп, одан екі бала сүйді. Ассосқа және келесі бірнеше жылда Лесбос аралындағы Митилинде өмір сүргенде Аристотель теңіз биологиясы және зоология салаларында кеңейтілген ғылыми зерттеулер жүргізеді. Бұл зерттеулер «Хайуанаттар тарихы» деген атпен белгілі болған кітапта жазылды, оған Аристотель кейінірек «Хайуанат бөліктері» және «Хайуанаттардың пайда болуы» атты екі қысқаша трактатын енгізді. Аристотель зоология ғылымының негізін қалаушы деген атаққа таласпайды. Оның кітаптарында ақылға қонымды скептицизммен дәлелдер келтірілген бұрынғы зерттеушілерге сілтеме көп жасалған. Алайда оның түрлі организмдерді жан-жақты бақылауы тіпті теңдессіз және көп жағдайда XVII ғасырға дейін өзгеріске түскен жоқ.

Алғашқы зоолог рөліне ұмтылмаса да, Аристотель осы тақырыпқа қызығушылығын ақтайтын кейбір қажеттіліктерді сезінсе де, өзін осы саланың көшбасшысы ретінде көрді. Алдыңғы философтар аспанды бақылауға көбірек көңіл бөлсе, ол теңіз губкаларын түртіп көрді және құрттардың шығуын бақылады. Бұл әрекетін ақтау үшін ол аспан денелері ғажап және сүйкімді болғанымен, оларды зерттеу мүмкін емес. Өйткені олар бізден әлдеқайда алыста және ерекше деген ой айтты. Ал хайуанаттар болса, біздің табиғатымызға жақын және қол созым жерде, сондықтан біз оларды асқан дәлдікпен зерттей аламыз.

Аристотель өзінің дәуірінің білімдерін толығымен игеріп қана қоймай, сонымен қатар, оларды жеке зерттеулері арқылы, әсіресе жануарлар жүйесіндегі, олардың морфологиясы мен эмбриологиясымен кеңейте түсті. Жануарлар әлемін Аристотель екі топқа бөлді: қызыл қаны барлар және «қансыздар». Осылайша, омыртқалылар мен омыртқасыздар бір-бірінен ажыратылды. Біріншісіне, Аристотель омыртқалылардың заманауи тобына сәйкес шамамен бес кіші топты жатқызды: 1) кит тәріздестерден басқа қазіргі сүтқоректілерге сай келетін «тірі туатын төрт аяқтылар»; 2) құстар; 3) қазіргі заманғы бауырымен жорғалайтындар мен қосмекенділерге сай келетін «жұмыртқа салатын төрт аяқтылар» және «өкпесімен тыныс алатын аяқсыздар»; 4) «өкпесімен тыныс алатын тірі туатын аяқсыздар» – кит тәріздестер және 5) «желбезектерімен тыныс алатын, қабыршақталған аяқсыздар» – балықтар.

Қосмекенділер және бауырымен жорғалаушыларды бір топқа қосу зоологияда өте ұзақ сақталды. Бұл біріктіру кездейсоқ таңдалған сипаттамалардың ұқсастығына негізделген жасанды жүйенің сипаты болып табылады; қазіргі уақытта жинақталған мәліметтерден белгілі болғандай, бауырымен жорғалаушылар қосмекенділерге қарағанда құстарға жақын. Аристотель бөлген омыртқасыздардың үлкен тобына келсек, Аристотельдің оларды кішігірім топтарға бөлуі әлдеқайда сәтсіз болды, осы топқа жататын түрлердің сан алуандығы және көптүрлілігін ескерсек, бұл түсінікті болады да. Аристотель 520 жануардың түрін сипаттады. Біздің заманымызда жануарлар түрлерінің саны жүз мыңдаған; дегенмен, Аристотель өз алдына барлық белгілі түрлерді сипаттау міндетін қойған жоқ.

Аристотель зерттеулерінің ауқымы таңғалдырады, – дейді Кенни. Оның жұмысының көп бөлігі түрлер мен тектерді жіктеумен байланысты. Оның трактатында хайуанаттардың бес жүз



түрден астамы көрсетілген және олардың көбісі толық сипатталған. Аристотель табиғатты бақылап қана қоймай, анатом ретінде жәндіктерді мүшелеп зерттеді. Ол мүшелеудің, әсіресе адамға қатысы бар кезінде жиіркенішті екенін мойындайды. Дегенмен бүтіннің құрылымын түсіну үшін қандай да бір ағзаның әрбір бөлшегін қарастыру қажет.

Аристотель трактаттарын сызбалармен толықтырып отырған. Өкінішке қарай олар жоғалып кеткен. Біз оның еңбегінің үзінділерін оқып, ондағы сызбалардың қандай болғанын тек болжай аламыз. Аристотельдің бізге құстардың, бауырымен жорғалаушылардың, балықтардың, жәндіктердің және сүтқоректілердің репродуктивті жүйелері, оларды жұптастыру әдістері, анатомия, диета, өмір сүру ортасы туралы көптеген нақты ақпаратты тек биолог қана бақылап, тексере алады. «Хайуанаттар тарихының» канондық аудармасын ағылшын тілінде жасаған XX ғасырдың биологі сэр Д'Арси Томпсон Аристотельдің өз зерттеулерінде ұсақ нәрселерді көзден таса қылмай, аса мән беретін кінәмшілдігімен қатар нанымға да бой алдыратынын үнемі назарда ұстайды. Айтса сенгісіз, бірақ Аристотельдің сирек кездесетін балық түрлері туралы мәліметтері көп ғасыр өткеннен кейін ғана айқын дәлелденген. Кей жерлерде Аристотель мыңдаған жылдар өтпей шешілмеген биологиялық мәселелерді нақты әрі анық қоя білген. Сондай мәселелердің бірі – эмбрион әу бастан хайуанаттың барлық мүшесінен тұратын кішкентай ғана түрі ме, әлде эмбрион өскенде түгелдей жаңа құрылым болып дами ма деген сұрақ болды. Қазіргі заман адамы үшін мына тұжырымдардың қайсысы шын, ал қайсысы қиял екені жұмбақ.

Аристотель адам анатомиясының ерекшеліктерін мінез ерекшеліктерімен байланыстыруға талпынды. Мысалы, аяғы жылдам адамдар алаяқтар болуы ықтимал және үлкен, қалқан құлақ адамдар жөн-жосықсыз өсекке бейім. «Қиял-ғажайып ертегіге ұқсап кеткеніне қарамастан Аристотельдің биологиядағы еңбегі орасан зор, әсіресе оның жаңа заман ғалымдарының қолында бар зерттеуге арналған құрал-жабдықтың бірі жоқ жағдайда жұмыс істегенін ескерсек, оның жетістіктері тіпті таңғаларлық», – дейді Энтони Кенни.

Аристотельдің өзінің немесе зерттеуші көмекшілерінің бірінің көзі ерекше өткір болғанға ұқсайды. Өйткені олар зерттеген жәндіктердің кей ерекшеліктерін микроскопты ойлап тапқанға дейін көзбен көру мүмкін емес еді. Оның зерттеулері нағыз ғылыми рухта жүргізілді және ол дәлелдері жетіспеген кезде, білімсіздігін мойындауға да дайын болды. Мысалы, аралардың репродуктивті механизміне қатысты ол «Деректер әлі жеткіліксіз негізделген. Егер олар жоқ болса, біз теорияға емес, бақылауға сүйенуіміз керек, және теорияға тек бақыланған нәрсенің нәтижесі тұжырыммен сәйкес келген жағдайда ғана сенуге болады» – деп батыл мәлімдейді.

Гермий қайтыс болған соң шамамен сегіз жылдан кейін Аристотель Македония астанасына македон патшасы II Филипптің келешекте Ұлы Ескендір атанатын 13 жасар баласына тәлімгер болуға шақырылды.

Александр Азияны жаулап жатқанда, Аристотель Афинаға оралды, бірақ Академияға бармады. Платонның ізбасарлары және сол мектепті басқаратын мұрагерлері Платонның ілімдерін толықтай әрі бүкіл тереңдігімен жалғастыра алмады. Сондықтан, платондық ілімді сынға алса да, Аристотельді философиялық мәселелерді түсінудің теориялық деңгейін көрсеткен Платонның шынайы мұрагері деп есептеуге болады.

Аристотель Афинада жеке мектебі – Ликейдің негізін салды. Аристотельдің кезінде және одан кейінгі Ликей қандай болды? Аристотель афиндық азамат емес еді, Афинада үй мен жер сатып алуға заңды құқығы болмады, сондықтан ол қаладан тыс жерде Ликейлік Аполлоның ғибадатханасына жақын жерде орналасқан және сол себепті Ликей деп аталып кеткен қоғамдық гимназиясында мектептің негізін салды. Уақыт өте келе Аристотель мектебі де солай аталып кетті. Аристотельдің шәкірттерінің бірі болған Афинадағы Деметрий Фалердің билік еткен заманында Ликейдің сыртқы атағы жер жарған кез еді. Ликейге эллиндік әлемнің барлық жерінен шәкірттер жиналды. 20 мыңға жуық азаматы болған Афинада (ересек еркін еркектер), 2 мыңға жуық адам Ликейдің шәкірттері болды. Көптеген адамдар Ликейге атаққұмарлыққа қызығып, мектепке шәкірт қатарына қосылуға ниеттенді; оның басшысы – Теофраст Македонияда Кассандр және Мысырда I Птолемей Сотер секілді патшалардың қабылдауында болған адам еді. Афина билеушілерінің саяси және басқа жағдайларға байланысты Ликей бірнеше рет жабылып, Аристотельдің шәкірттері Афинадан қуылған. Олардың көбі Демитрий Фалерский айдаудан кейін қоныстанған Мысырдың Александриясында баспана тапты.



Ликийдің тысқары тарихы осындай. Оның ішкі тарихына келер болсақ, Аристотельден кейін Ликий философияның әлсіреуі қарсаңында алғаш рет өзінің ғылыми мүдделерін нығайту жолында жүрді. Әрине, Аристотель де жоғарыда айтқандай, мысалы, зоология секілді нақты ғылымдармен айналысады. Дегенмен Аристотельдің философиялық қызығушылығы ғылымдан басым болды. Аристотельден кейін Ликий ғылыми жұмыс жолына бұрылады. Бірінші орынға, Аристотельде болған, бірақ рационализммен тұмшаланған эмпиризм шығады. Әлем туралы барлық теориялық білім саналы жан – адамға ғана берілген. Бұл, бір жағынан, сыртқы тәжірибеден алынған ұғымдардан, екінші жағынан, Аристотельдің тәуелсіз асқан адам болмысын иеленген белсенді интеллектпен бірлескен әрекеттер арқылы анықталды. Аристотельден кейін Ликийде рационализм теориялық білімдердің тәжірибесіз шыққан доктринасы ретінде төмендей бастады, ал эмпиризм барлық білімнің бастапқы қайнар көзін тәжірибе, тек қана тәжірибеден көрген (сенсуализм жағдайында бұл сыртқы тәжірибе) ілім ретінде жоғарыға өрлей берді. Содан кейін Ликий этизациясы орын алады – Аристотель мектебі негізінен эллинистік философия дамуының жалпы үрдісіне сәйкес келетін моральдық мәселелерге бет бұра бастайды. Дегенмен бұл Платон академиясымен салыстырғанда елеулі кідіріспен жүріп жатты: Академияның этизациясы Ксенократтан соң б.з.д. 315 ж. Полемон схолярх болғаннан басталады, ал Ликийдікі Аристотель мектебінің схолярхы б.з.д. 268 ж. Ликон болғаннан басталады. Ликийдің қысқаша тарихы, міне, осындай. Егер Аристотельге оралар болсақ, 50 жасына келген шағында ол үлкен кітапхана салып, «даңғыл» (перипатос) сөзінен шыққан жүзім бақтары мен бау-бақшада, «перипатетиктер» деген атаумен өзінің айналасына керемет студент-зерттеушілерді жинап, серуендеп жүріп пікір таластырды. Академиямен салыстырғанда Ликий жеке меншік оқу орны болмады. Ликийдегі дәрістер көпшілік үшін ашық болды.

Аристотель метафизикаға өмір бойы қызығушылық танытса да, оның кемеліне жеткен философиясы әрдайым эмпирикалық біліммен байланысты болды. Аристотельдің басты шығармаларында оның стилі Платонның немесе оғандейінгі басқа философтардың стильдерінен қатты ерекшеленеді. Гомер мен Сократ арасындағы кезеңде көптеген философтар өлеңмен жазған. Атақты оратор Демосфеннің замандасы – Аристотель прозамен жазғанды дұрыс көрді. Оның прозасы анық және өңделген деп айтуға келмес, – дейді Кенни. Мүмкін, бізде бар мәтіндер студенттер алдында оқыған дәрістердің үзінділері шығар. Аристотельдің метафизикасын сипаттай келе, Бертран Расселл оны «Платонның ақылға қонымды көзқарастарымен араласқан» ретінде көрсетеді. «Аристотельді түсіну қиын, – деп жалғастырды Расселл, өйткені Платонның көзқарастарын ақылмен біріктіру оңай емес. Аристотельді түсінуге тырысқанда, біз бір уақытта философия туралы білмейтін адамның әдеттегі көзқарасын, ал басқа уақытта – ол жаңа сөздіктің көмегімен Платонизмді сипаттаған адамды көреміз. Жеке орынды шамадан тыс баса айтуға болмайды, себебі, ол кейінірек кейбір үзінділерде түзетілуі немесе өзгертілуі мүмкін. Жалпы, Аристотельдің материя мен форма теориясын және универсалийлер теориясын түсінудің ең қарапайым тәсілі көзқарастарының тең жартысын құрайтын дұрыс ой-пікірдің теориясын сипаттау, содан кейін платондық өзгерістерге салып қарастыру». Бертран Расселл «Батыс философиясының тарихы» еңбегінде осылай пайымдайды, ал «Батыс философиясының жаңа тарихы» еңбегінде Энтони Кенни Аристотель философиясының осы мәселесіне «Метафизика» бөлімінде ерекше назар аударады. Осы жерде ол ғылымдарды жіктеуге қатысты трактаттың жекеленген маңызды сұрақтарына айрықша көңіл бөледі.

«Метафизикада» Аристотель ғылымның үш түрі бар деп жазады: өнімдік, тәжірибелік және теориялық ғылымдар. Өнімдік ғылымдар – табиғи, олар өнім өндіреді. Мысалы, инженерия немесе архитектура, яғни көпірлер және үйлер. Сонымен қатар, осыған алаңда немесе сотта жеңіске әкелетін өнім ретінде стратегия мен риториканы да жатқызуға болады. Тәжірибелік ғылымдар – бірінші кезекте этика мен саясатты, тәртіпті анықтайтындар. Теориялық ғылымдардың не өнімі, не практикалық мақсаты жоқ. Олардың көздегені – ақпарат пен түсінік. Теориялық ғылымдардың үш түрі бар. Олар – физика, математика, теология. Бұл трилогияда тек қана математика ғана бар бола алатын сияқты көрінеді, – дейді Кенни. Физика табиғи философияны немесе табиғатты зерттеуге бағытталған. Бұл – біздің қазіргі түсінігіміздегі физикадан әлдеқайда ауқымдырақ ілім. Ол химия және метеорология, сонымен қатар, биология мен психологияны да қамтиды. Аристотель үшін «Дін ілімі» – жоғарыдағы болмыс және жоғарыдағы адам баласы туралы ілім, яғни аспан денелерін, сонымен қатар, жұлдызды



аспанда өмір сүре алатын кез келген құдайларды зерттеу. Оның бұл тақырыптағы жұмыстары табиғи дін туралы пайымнан гөрі астрономия кітабына көбірек ұқсайды.

Осылайша, Кенни бұл параграфта Аристотельдің Платон Академиясындағы кезеңімен, зоология саласындағы ғылыми ізденістері, сонымен қатар, өзінің философиялық мектебінің құрған кезеңіндегі ойлары туралы ақпараттармен таныстырады. Келесі дәрісіміз де Аристотельге, оның риторика, поэтика, этикалық және саяси ізденістеріне арналады.

### Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Екі ұлы философтың бір-біріне тигізген ықпалын қалай байқауға болады?
2. Аристотельдің философ ретінде қалыптасуы қалай іске асты?
3. Не себепті Аристотель Платонның идеялар теориясын сынайды?
4. Аристотельдің «Платон маған дос, бірақ ақиқат одан да қымбат» деген сөз саптауының мәні неде?
5. Зоология саласындағы ғылыми зерттеулерін Аристотель қалай ақтайды?
6. Аристотель философиялық еңбектерінің стилінің ерекшелігі неде?
7. Аристотель ғылымның қандай түрлерін көрсетеді және ғылымдарды жіктеуін қалай түсіндіреді?
8. Аристотель қандай теориялық ғылымдарды бөледі?

### Әдебиет

1. Anthony Kenny, *Ancient Philosophy: A New History of Western Philosophy, Volume 1.* – Oxford University Press. – 2014. – 368 p.
2. Кенни Э., Батыс философиясының жаңа тарихы, 1 том, Антика философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 408 б.
3. Әлемдік философиялық мұра: жиырма томдық. 2-том: Антикалық философия / құраст.: Қ.Ә. Әбішев, Т.Ы. Әбжанов. – Алматы: Жазушы, 2005. – 567 б.
4. Хесс Р., Философияның таңдаулы 25 кітабы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 360 б.
5. Adler M., *Aristotle for everybody. Difficult Thought Made Easy.* Published June 1st 1997 by Touchstone (first published 1978).
6. Диоген Лаэртский, О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов. / Пер. и прим. М. Л. Гаспарова. Общ. ред. и вступ. ст. А.Ф. Лосева. (Серия «Философское наследие»). – М., Мысль, 1979. – 624 с.
7. Чанышев А. Н., Курс лекций по древней философии. – М., 1981.